

Алакөл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 3 сәуірдегі "Алакөл ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" № 27-1 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Жетісу облысы Алакөл аудандық мәслихатының 2025 жылғы 8 сәуірдегі № 27-1 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2025 жылы 11 сәуірде № 297-19 болып тіркелді

Алакөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алакөл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 3 сәуірдегі "Алакөл ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" № 27-1 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 195308 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Алакөл ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе "электрондық үкімет" веб-порталынан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап 6 (алты) жұмыс күнін құрайды."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алакөл аудандық мәслихат төрағасы

Д. Каримов